

Оңтүстік Қазақстан облысында "Ордабасы" Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорығын құру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1993 жылғы 26 мамыр N 1213

Төле би, Қазыбек би және Әйтеке бидің рухын, олардың қазақ халқының басын қосудағы, мемлекеттігін сақтаудағы рөлін мәңгі есте қалдыру мақсатында және Ордабасы жерінде болған тарихи оқиғаларға зор маңыз бере отырып, қаулы етемін:

1. Оңтүстік Қазақстан облысының Ордабасы ауданында "Ордабасы" Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорығы құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті екі ай мерзімде:

- "Ордабасы" Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорығын мақсатты қаржыландыру мен орталықтандырып материалдық-техникалық қамтамасыз етуді, сондай-ақ тиісті инфрақұрылым қалыптастыруға арналған қажетті күрделі қаржы бөлуді көздеген қаулы қабылдайтын болсын;

- Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімшілігінің ұсынысын карап,

"Ордабасы" Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорығы аумағының шекарасын анықтасын;

- "Ордабасы" Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорығы туралы ереже әзірлеп, бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті